8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері.

13. Мақсаттары:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларында реттеуші, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру, құзыретінің шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) жеке және заңды тұлғалар Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары берген заңды талаптарды немесе нұскамаларды, қаулыларды орындаған немесе тиісінше орындаған кезде сотқа жүгіну;

3) аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдарға медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы мәселелері бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құру;

6) аумақтық бөлімшелердің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

7) Комитетке ведомстволық бағынысты ұйым үшін қызметтің басым бағыттарын айқындау;

8) орталықтандырылған бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

9) тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тарту;

10) мемлекеттік органдар қабылдаған, медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бүйымдар айналысы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

11) төмен тұрған лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жолданымы (шағымы) бойынша шешім шығарылғанға дейін олар қабылдаған актілердің орындалуын тоқтата тұруға, күшін жоюға не оларды кері қайтарып алу;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

13) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бүйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету және дәрілік заттар мен медициналық бүйымдардың айналысы салаларындағы бақылау және қадағалау функциялары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

15) Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарларын уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз ету;

16) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қабылдау және қарау;

17) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында

белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарau;

18) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын бақылау және қадағалау салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын бақылау және қадағалау салаларындағы құқықтық актілерді және есепке алу және есептік құжаттаманың нысандарын өз құзыреті шегінде әзірлейді;

3) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы салаларында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі , психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;

5) құзыреті шегінде медициналық қызметтерді көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

7) өз құзыреті шегінде рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;

8) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сараптамаларды қоспағанда, медициналық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

9) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы салаларында бақылау мәселелері бойынша денсаулық сақтау үйимдарының қызметін үйлестіреді;

10) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын және олардың орынбасарларын, уәкілетті органға ведомстволық бағынысты үйимдардың басшыларын, олардың орынбасарларын атtestаттаудан өткізуі үйимдастырады;

11) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларында мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

12) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларын әзірлейді;

13) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу және аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін өзірлейді;

14) медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына аккредиттелген денсаулық сақтау субъектілері жүргізетін тәуелсіз сараптамаға ақы төлеу қағидаларын өзірлейді;

15) адамның ағзаларын (ағзасының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тінінің бөлігін), қан мен оның компоненттерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге лицензия беруді жүзеге асырады;

16) туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының ұлгілерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру тәртібін өзірлейді;

17) медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама жүргізу кезінде тәуелсіз сарапшыларды тарту қағидаларын өзірлейді;

18) медициналық көрсетілетін қызметтерге (көмекке) тәуелсіз сараптама жүргізу бойынша қызметтер көрсетуге денсаулық сақтау субъектілеріне қойылатын талаптарды өзірлейді;

19) жүкті, босанатын әйелдердің қайтыс болу жағдайлары, сондай-ақ босанған әйелдер босанғаннан кейін күнтізбелік қырық екі күн ішінде қайтыс болған жағдайда, пациенттерге жоспарлы медициналық көмек (медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған көмек, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтер) көрсету кезінде олардың кенеттен қайтыс болу жағдайлары туралы ақпарат (шүғыл хабархат) беру қағидаларын өзірлейді;

20) тәуелсіз сарапшылар тізілімін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды бірынғай тізілімге енгізу және одан шығару негіздерін өзірлейді;

21) тәуелсіз сарапшылардың бірынғай тізілімін жүргізеді;

22) облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативінің сақталуына мониторингті жүзеге асырады;

23) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүргізетін медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелер мониторингінің нәтижелеріне денсаулық сақтау субъектілері шағымданған кезде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

24) бірыңғай медициналық ақпараттық call-орталықтың қызметін ұйымдастыру қағидаларын және оның қызметінің регламентін әзірлейді;

25) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 230-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында көрсетілген фармацевтикалық қызмет түрлерін, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

26) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізуі, мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып алуды жүзеге асырады, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

27) Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуді (әкетуді) келіседі;

28) тиісті фармацевтикалық практика стандарттарын әзірлейді;

29) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;

30) фармацевтикалық өнімге сертификат (CPP) береді;

31) дәрілік затқа, медициналық бұйымға интервенциялық клиникалық зерттеу жүргізуге рұқсат береді;

32) дәрілік заттың, медициналық бұйымның тіркеу куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру жолымен дәрілік заттың, медициналық бұйымның медициналық қолданылуын тоқтата тұру, сондай-ақ медициналық қолдануға тыйым салу туралы және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сериясын (партиясын) айналымнан алу немесе медициналық қолдануды тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдайды;

33) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау жөніндегі монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуді жүргізеді;

34) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын әзірлейді;

35) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттелетін салада тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және жартышылдық тексеру жүргізу кестелерін әзірлейді;

36) фармацевтикалық инспекцияларды жүзеге асырады;

37) фармацевтикалық инспекторатты қалыптастыру, Қазақстан Республикасы фармацевтикалық инспекторларының тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді;

38) нарықтан, оның ішінде медициналық ұйымдардан тәуекелге бағдарланған тәсілді ескере отырып, сапасы бақылауға жататын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды іріктеу қағидаларын әзірлейді;

39) тауарларды таңбалau тәртібін және таңбалauғa жататын тауарлардың айналымын бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындауға қатысады;

40) денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданылуын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын өзірлейді;

41) көрсетілетін медициналық қызметтердің денсаулық сақтау саласындағы белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тану мақсатында медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілеріне аккредиттеу жүргізуді ұйымдастырады;

42) білім алушылардың, кәсіптік даярлық түлектері мен денсаулық сақтау саласындағы мамандардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын ұйымдарға аккредиттеу жүргізеді;

43) денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілеріне аккредиттеу жүргізеді;

44) денсаулық сақтау менеджерлерін сертификаттау бойынша басқару қызметіне даярлығын растауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға аккредиттеу жүргізеді;

45) денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын кәсіптік медициналық қауымдастықтар мен қоғамдық бірлестіктерге аккредиттеу жүргізеді;

46) аккредиттеуден кейінгі мониторингті жүргізеді және денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу туралы күелікті көрініс алады;

47) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі мен сапасын сараптау және бағалау жөніндегі монополиялық қызметті жүзеге асыратын сынақ зертханаларын аккредиттеуді жүргізу қағидаларын өзірлейді;

48) денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби құзыреттілігіне атtestаттау жүргізу қағидаларын өзірлейді;

49) медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын өзірлейді;

50) медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын өзірлейді;

51) медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын өзірлейді;

52) медициналық қызмет көрсету (көмек) саласындағы мемлекеттік бақылауға жататын мәні жоғары және болмашы объектілердің тізбесін айқындастын құқықтық актіні өзірлейді;

53) тиісті фармацевтикалық практикалар бойынша фармацевтикалық инспекциялар жүргізу қағидаларын өзірлейді;

54) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды гуманитарлық көмек ретінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелу жағдайларын айқындастын құқықтық актіні өзірлейді;

55) медициналық оқыс оқиға жағдайларын (оқиғаларды) айқындау, оларды есепке алу және талдау қағидаларын өзірлейді;

56) Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сапасына бағалау жүргізу қағидаларын өзірлейді;

57) медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізуді хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін қалыптастыру қағидаларын өзірлейді;

58) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды мемлекеттік тіркеу және олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалау кезінде сараптаманы жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын өзірлейді;

59) бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың саудалық атауына шекті бағаларды айқындайтын құқықтық актіні өзірлейді;

60) дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу қағидаларын өзірлейді;

61) дәрілік затты немесе медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде өтініш беруші ұсынған құжаттарды есепке алу және жүйелеу қағидаларын өзірлейді;

62) дәрілік затқа немесе медициналық бұйымға сараптама жүргізудің жеделдетілген рәсімінің қағидаларын өзірлейді;

63) фармацевтикалық өнімге сертификат (CPP) беру қағидаларын өзірлейді;

64) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын өзірлейді;

65) дәрілік затты өндірушінің дәрілік заттардың тұрақтылығын зерттеуді жүргізу, оларды сақтау мерзімін белгілеу және қайта бақылау қағидаларын өзірлейді;

66) дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындауга лицензиясы бар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидаларын өзірлейді;

67) дайындалған дәрілік препараттарды дәріханаішлік бақылау қағидаларын өзірлейді;

68) дәрілік препараттардың құрамына кіретін әсер етуші заттарды ескере отырып, оларды рецептісіз және рецепті бойынша босатылатын дәрілік препараттардың санаттарына жатқызу қағидаларын, рецептілерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларын өзірлейді;

69) медициналық бұйымдарға техникалық сынақтар жүргізу қағидаларын өзірлейді;

70) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға сараптама жүргізу процесінде өтініш берушіге ескертулер беру мерзімдерін белгілеу қағидаларын өзірлейді;

71) фармацевтикалық инспекция шенберінде клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулердің материалдарын және оларды жүргізу шарттарының Қазақстан

Республикасының және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті зертханалық практиканың (GLP) талаптарына сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру қағидаларын өзірлейді;

72) дәрілік затқа немесе медициналық бұйымға сараптама жүргізу қағидаларын өзірлейді;

73) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясын өзірлеу, ресімдеу, келісу, бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қағидаларын өзірлейді;

74) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын өзірлейді;

75) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты және дәрілік заттың жалпы сипаттамасын жасау және ресімдеу қағидаларын өзірлейді;

76) өлшеу құралы болып табылатын медициналық техниканың тізбесін өзірлейді;

77) медициналық бұйымдарға инспекция жүргізу қағидаларын өзірлейді;

78) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын өзірлейді;

79) жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, жалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің жою қағидаларын өзірлейді;

80) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын өзірлейді;

81) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды Қазақстан Республикасының аумағынан әкету қағидаларын өзірлейді;

82) қолданудың ықтимал тәуекелі дәрежесіне қарай медициналық бұйымдарды сыйыптау қағидаларын өзірлейді;

83) Қазақстан Республикасының медициналық бұйымдар номенклатурасын қалыптастыру және жүргізу қағидаларын өзірлейді;

84) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қолдануды тоқтата түру, тыйым салу немесе айналыстан алып қою не шектеу қағидаларын өзірлейді;

85) фармакологиялық қадағалауды және медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізу қағидаларын өзірлейді;

86) бағалық реттеуге жататын дәрілік заттар тізбесіне енгізілген көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін Қазақстан Республикасында тіркелген және айналыстағы дәрілік заттардың бағаларын реттеуге қатысады;

87) дәрілік заттардың шекті бағаларын және үстеме бағаларын реттеу, қалыптастыру қағидаларын өзірлейді;

88) монополияға қарсы органмен келісу бойынша көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін бағалық реттеуге жататын дәрілік заттардың тізбесін өзірлейді;

89) бөлшек және көтерме саудада өткізу үшін дәрілік заттың саудалық атауына шекті бағаларды айқындайтын құқықтық актіні әзірлейді;

90) медицина және фармацевтика өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

91) техникалық-экономикалық негіздеме және (немесе) бизнес-жоспар негізінде салалық қорытындыны мынадай өлшемшарттар бойынша береді: жобаның пысықталу дәрежесі, қаржыландыру көздері, тиісті нысаналы мақсаты бар жер участекесімен қамтамасыз етілуі;

92) денсаулық сақтау субъектісінің жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындау мәселелері бойынша аумақтық бөлімшелерді үйлестіреді;

93) денсаулық сақтау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу жөніндегі аумақтық бөлімшелерді үйлестіреді;

94) бекітілген кестеге сәйкес босандыру үйымдарының ерекше тәртібін жүргізу жөніндегі аумақтық бөлімшелерді үйлестіреді;

95) денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызметті жоспардан тыс бақылау жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

96) жеке және занды тұлғалардың медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мәселелер бойынша жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларын қарайды;

97) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы салаларындағы нұсқаулықтарды, алгоритмдер мен регламенттерді әзірлейді және бекітеді;

98) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Комитет басшысының мәртебесі және өкілеттіктері

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оларға өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Комитеттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес:

еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерден басқа, Комитет жұмыскерлерін ;

Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарларын;

Министрмен келісу бойынша Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымның бірінші басшысын;

Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымның бірінші басшысының орынбасарларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен еңбек қатынастары мәселелері жоғары түрган мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерден басқа, Комитет қызметкерлерін, Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарларын, Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымның бірінші басшысын іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

Комитеттің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық бөлімшелері басшыларын іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау вице-министрінің келісуі бойынша Комитет басшысының орынбасарларын іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді.

3) Комитет жұмыскерлерінің, Комитеттің аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарларын, Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымның бірінші басшысының лауазымдық міндеттерін бекітеді;

4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

5) Комитеттің жұмыс регламентін бекітеді;

6) Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдар мен аумақтық бөлімшелердің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

7) өз құзыretі шегінде Комитеттің бүйрықтарына қол қояды;

8) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүддесін білдіреді;

9) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды;

10) Комитет басшысы орынбасарларының лауазымына тағайындау үшін кандидатураларды ұсынады;

11) Комитеттің атынан Комитеттің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін құжаттарға қол қояды;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитеттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындаиды.

4-тарау. Комитеттің мүлкі.

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген, мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғанған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату.

24. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитеттің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Комитеттің қарамағындағы аумақтық бөлімшелердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Абай облысы бойынша департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті.

9. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті.

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

11. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті.

12. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.

13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті.

14. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті.

15. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті.

16. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті.

17. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті.

18. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті.

19. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті.

20. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлік
2022 жылғы 20 шілдедегі
№ 590 бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлік
2020 жылғы 8 қазандагы
№ 645 бұйрығына
2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бүйымдар айналысын бақылау саласында басшылықты және іске асыруды, құзыреті шегінде функцияларын іске асыру және бақылауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 158Г.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" респубикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау түрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері.

13. Мақсаттары:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру;

2) құзыretі шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыretінің шегінде Департаменке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және занды тұлғалардан медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) жеке және занды тұлғалар Департаменттің лауазымды тұлғалары берген занды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындаған немесе тиісінше орындаған кезде сотқа жүргіну;

3) өз құзыretі шегінде жеке және занды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

5) өз құзыretі шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құру;

6) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де қупияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

7) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы бақылау және қадағалау функциялары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

8) тексерулер мен сараптамалар жүргізуге басқа ұйымдардан мамандарды, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен тәуелсіз сарапшылар мен бейінді мамандарды тарту;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

10) әзірлемеге, медициналық қызметтер (көмек) көрсету және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысы салаларындағы мәселелер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге қатысу;

11) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және занды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қабылдау және қарау;

12) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке және занды тұлғалардың шағымдарын қабылдау және қарау;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасын, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын бақылау және қадағалау салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды;

3) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларында мемлекеттік бақылау және қадағалауды жүзеге асырады;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және занды тұлғалардың жолданымдарын, ұсыныстарын, үн қосуларды, сұратуларды, хабарламаларды қарайды;

5) өз құзыреті шегінде медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетеді ;

6) өз құзыреті шегінде рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;

7) туыстық емес трансплантаттауды жүргізу мақсатында адамның биологиялық материалдарының үлгілерін, гемопоэздік дің жасушаларын, сүйек кемігін, донорлық лимфоциттерді, жыныстық жасушалар мен эмбриондарды Еуразиялық экономикалық

одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге қорытындылар (рұқсат беру құжаттарын) беру тәртібін өзірлейді;

8) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сараптамаларды қоспағанда, медициналық қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

9) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бүйымдардың айналысы салаларында мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды;

10) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүргізетін медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қөлемі бойынша шарттық міндеттемелер мониторингінің нәтижелеріне денсаулық сақтау субъектілері шағымданған кезде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

11) облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының бірыңғай медициналық ақпараттық call-орталықтың қызметін ұйымдастыруға қатысады;

12) облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативінің сақталуына мониторингті жүзеге асырады;

13) клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді;

14) денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді;

15) денсаулық сақтау саласындағы аккредиттелген субъектілердің аккредиттеуден кейінгі мониторингін жүргізеді;

16) шетелдік маманға клиникалық практикаға жіберу үшін сертификатты беру мемлекеттік қызметті көрсетеді;

17) медицина қызметкерінің уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парапты немесе анықтаманы беру қағидаларын бұзғаны үшін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 230-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 7) тармақшаларында (бұдан әрі – Кодекс) көрсетілген фармацевтикалық қызмет түрлерін, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

19) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттардың, медициналық бүйымдардың айналысы салаларында бақылау мәселелері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

20) Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуді (әкетуді) келіседі;

21) тиісті фармацевтикалық практика стандарттарын өзірлейді;

22) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Кодекстік 24-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қызметті жүзеге асыруды бастау немесе тоқтату туралы хабаралама қабылдауды жүзеге асырады;

23) фармацевтикалық инспекцияларды жүзеге асырады;

24) фармацевтикалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді;

25) денсаулық сақтау саласындағы жарнаманы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

26) ұйымдардың дәрілік заттар, медициналық бұйымдардың өндірісі бойынша мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының квота үшін этил спиртінің, этил спиртін пайдалану туралы есептер үшін қажеттілік көлемдері бойынша өтінімдерді ұсынады;

27) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың сараптамасы және қауіпсіздігі мен сапасын бағалау жөніндегі монополиялық қызметтің жүзеге асыратын ынақ зертханаларының аккредиттеуге қатысады;

28) саудалық атааулары бойынша дәрілік заттардың шекті бағаларының сақталуына мониторинг және бақылауды жүзеге асырады;

29) сараптама жүргізу үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың үлгілерін іріктеуді жүзеге асырады;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды айналыстан алуды жүзеге асырады;

31) жарамсыз болып қалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, жалған және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкелуге, өндіруге, дайындауға, сақтауға, қолдануға және өткізуға тыйым салады және (немесе) тоқтата тұрады;

32) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметтің немесе қызметтінің жекелеген түрлерін тоқтата тұрады;

33) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Департамент басшысының мэртебесі және өкілеттіктері.

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оларға өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департаменттің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды тұлғаның құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерден басқа, Департамент жұмыскерлерін лауазымға тағайындейді және лауазымнан босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент жұмыскерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

3) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды тұлғаның құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерден басқа, Департамент жұмыскерлеріне тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды тұлғаның құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерден басқа, Департамент жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

6) өз құзыреті шегінде Департаменттің бүйрықтарына қол қояды;

7) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мұддесін білдіреді;

8) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараптарды қабылдайды;

9) заңнамаға сәйкес Департаменттің атынан жеке және заңды тұлғалардың талаптары мен арыздары бойынша шешім қабылдайды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындейды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Департаменттің мұлқі.

21. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлқі болуы мүмкін.

Департаменттің мұлқі оған меншік иесі берген, мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.
23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату.

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2022 жылғы 20 шілдедегі
№ 590 бұйрығына
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 8 қазандығы
№ 645 бұйрығына
3-қосымша

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бүйімдар айналысын бақылау саласында басшылықты және іске асыруды, құзыреті шегінде функцияларын іске асыру және бақылауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өзінің атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері бар.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Занды тұлғаның орналасқан жері – 030007, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 9Б.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тaraу. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері.

13. Мақсаттары:

1) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сактау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыру;

2) құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыретінің шегінде Департаменке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, жеке және заңды тұлғалардан медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сактау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы салаларындағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) жеке және занды тұлғалар Департаменттің лауазымды тұлғалары берген занды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындаған немесе тиісінше орындаған кезде сотқа жүгіну;

3) өз құзыреті шегінде жеке және занды тұлғаларға әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

5) өз құзыреті шегінде консультациялық-кеңесші және сараптамалық комиссиялар (жұмыс топтарын) құру;

6) Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де қупияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

7) медициналық қызметтер (көмек) көрсету, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы салаларындағы бақылау және қадағалау функциялары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

